

А.А. Турмаханбетова

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН КӨТЕРУДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Егер Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру туралы нақты тапсырмасын қарастырсақ, онда бұл жерде Бүкіләлемдік экономикалық форумының индексі туралы айтылуда. Бұл бәсекеге қабілеттіліктің өсу индексі (Growth Competitiveness Index) үш компоненттен тұрады – технология индексі, қоғамдық институттар индексі және макроэкономикалық орта индексі.

Бүкіләлемдік экономикалық форумның әдістемесіндегі аталған кемшіліктерге байланысты бірқатар сұрақтар туындайды – БЭФ есептік әдісіне сүйену қаншалықты қажет. Осы индекс бойынша жоғары көтеру Қазақстанды бәсекеге қабілетті ете ме. Ұялы телефондар немесе компьютерлер санының өсуі елдегі технологияландырудың өсуін білдіре ме. Сірә, бәсекеге қабілеттілікті көтеру БЭФ әдістемесіне кіретін бірнеше индикаторлармен «құрастыру» талпынысы шектелмеуі қажет. Керісінше, бәсекеге қабілеттілікті көтеру тапсырмасы тек экономикалық емес, сонымен қатар тұрақты даму концепциясына сәйкес барлық аспектілерді қоса әлеуметтік пен экологияны да ескере отырып кешенді түрде шешілуі керек. Егер аталған мәселеге кешенді қарайтын болсақ, онда қазіргі кездегі елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай артық оптимизмге себеп болмайтындығын мойындамауызға тура келеді.

Статистикалық мәліметтер негізіндегі көрсеткіштер бойынша Қазақстан бәсекеге қабілеттіліктің деңгейін көрсете алады [1].

1-кесте

Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік Индексінің «Қаржы рыногының дамуы туралы» қосалқы индексі бойынша Қазақстанның позициясы, 2008-2009ж.

Көрсеткіш реті	Қосалқы индекстер	Орын деңгейі
08.06	Strength of investor protection (hard data)	35
08.09	Legal rights index (hard data)	47
08.04	Venture capital availability	49
08.03	Ease of access to loans	55
08.01	Financial market sophistication	73
08.07	Soundness of banks	86
08.02	Financing through local equity market	89
08.05	Restriction on capital flows	105
08.08	Regulation of securities exchanges	113

Дерек көзі: National competitiveness balance sheet. <http://www.gcr.weforum.org/>

Халықаралық ұйымдар басқа да рейтингтерінің ішінде инвестициялық саладағы Қазақстанның позициясын көрсететін көрсеткіштер бар. Ол. Сауалнама емес нақты жағдай бойынша баға береді. Мұндай зерттеулердің ішіне инвестиция бойынша Бүкіләлемдік баяндама (World Investment Report) көрсеткіштері кіргізіледі. Онда халықаралық масштабтағы инвестициялық қызметті көрсететін үш түрлі индекс берілген: шет елден тартылатын тікелей инвестиция (Inward FDI Performance Index), шет елдік инвестицияны тарту әлеуеті (Inward FDI Potential Index), шет елге тікелей инвестиция (Outward FDI Performance Index). Аталған индекстер бойынша Қазақстанның позициясы келесі кестеде көрсетілген [2].

2-кесте

Қазақстанның 2006-2008 жылдардағы инвестициялық индекс бойынша позициясы

	2006 ж	2007 ж	2008 ж
Шет елден тартылатын тікелей инвестиция (Inward FDI Performance Index)	14	28	26
шет елдік инвестицияны тарту әлеуеті (Inward FDI Potential Index)	55	49	-
шет елге тікелей инвестиция (Outward FDI Performance Index)	125	127	126

Дерек көзі: World Investment Report 2008: Transnational Corporations, Extractive Industries and Development. P.220.

Аталған индекстер Қазақстандағы жағымды жағдайды көрсетеді, әсіресе рейтингке қатысушы елдердің саны 141 ел екендігін ескеретін болсақ, онда елдегі инвестицияның бүкіләлемдік шет елдік инвестицияға қатынасы мен әлемдік ЖІӨ-ге қатынасы ретінде анықталатын шет елдік инвестицияны тарту бойынша жағдайы жағымды болып табылады. Аталған көрсеткіш Қазақстанның инвестиция бойынша тартымыдылығының қаншалықты екендігін және аталған сала бойынша халақаралық қаржы ағындарын тарту бойынша бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Екінші индекс – шет елдік инвестицияны тарту әлеуеті 12 көрсеткіштен тұрады және жалпы экономикалық сипатта болады. Ол, жан басына шаққандағы ЖІӨ, телекоммуникациялық инфрақұрылым, жан басына шаққандағы энергияның жұмсалудың деңгейі, ЖІӨ-дегі ғылыми зерттеу мен білім беруге кеткен шығындардың үлесі, халық санындағы студенттердің үлесі, сақтандыру тәуекелі, әлемдік көлемдегі табиғи ресурстардың экспортталуының пайыздық деңгейі, әлемдік көлемдегі электроника мен көлік құралдарының қосалқы бөлшектері мен компоненттерінің пайыздық үлесі, әлемдік көлемдегі қызметтің экспортталуы, әлемдік көлемдегі жинақталған инвестиция көлемі. Аталған көрсеткіштердің ішінен аталған индекс жалпы экономикалық көрсеткіштер мен оның перспективасын білдіреді. Аталған көрсеткіш бойынша Қазақстанның позициясы онша жаман емес.

Үшінші инвестициялық индекс ішкі инвесторлардың шет елдегі белсенділігін көрсетеді және елден шығарылған инвестицияның әлемдік инвестицияға және әлемдік ЖІӨ-ге қатынасы түрінде анықталады.

Аталған көрсеткіш бойынша Қазақстанның позициясының төмен кендігін көруге болады, ол сыртқы рынокта ірі масштабтағы экспансия жасауға мүмкіндігі жоқ қазақстандық бизнестің қаржылық жағынан және ұйымдастырушылық жағынан әлі дамымағандығын көрсетеді.

Дегенмен, әлемдік инвестициялық ранықтағы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі жаман жағдайда емес. Егер, инвестицияның қаржы нарығымен бөлінбейтін байланысты екендігін ескеретін болсақ, онда жоғары келтірілген рейтингтің көрсеткіштері республика экономикасына кері әсерін тигізбейді. Сондықтан, бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтаудың өзіндік әдістерін жасап шығару қажеттілігі туындап отыр.

Иә, қазір жақсы макроэкономикалық көрсеткіштермен қамтитын мұнай мен металға баға жоғары, бірақ та, 90-жылдардың соңында болғанындай олардың бағасы төмендеп кетуі ықтимал, сондай жағдайда макроэкономикалық ортадағы индикаторды «құлдыратуы» қиын емес және де ол рейтингте Қазақстанды төменгі орындарға түсіріп жібереді. Сонымен қатар, мұнай бағасының жоғарылығы экономикаға жағымсыз салдарын тудырады. Мұнайдың қамқорлығы қазақстандық нұсқадағы «голландық аурудың» тұрақты гүлденуін байқатуда, оның әсерінен үкіметтен бастап жеклеген кәсіпкерлерге дейін шыдамдылық танытуы қажет.

Біздің ойымызша, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың өзімізге тән өлшемдерін талдап жасау қажет, ол жүргізіліп отырған экономикалық саясаттың табыстылығына талдау жасауға және бәсекеге қабілеттілікті арттырудың ұлттық моделінің жүзеге асырылуына түзету енгізуге мүмкіндік береді. Мұндай бағаның мынадай ірілендірілген өлшемдерін ұсынуға болады:

1. Елдің әлемдік саудадағы позицияларын сипаттайтын өлшемдер
2. Жалпы экономикалық сипаттағы өлшемдер
3. Әлеуметтік даму өлшемдері
4. Технологиялық өлшемдер
5. Ұлттық экономиканың осы заманғы жаһандық экономикалық жүйе жағдайларына сәйкестігін сипаттайтын институционалдық өлшемдер.
6. Ұлттық экономиканың жекелеген нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын өлшемдер.

Жалпы алғанда, бәсекеге қабілеттілікті арттыру мен еліміздің дамуының базисі, сөз жоқ, жоғары технологиялық өндірістің ЖІӨ-дегі үлесін арттыруға бағытталған ұлттық экономиканы жаңғырту, дамыған елдердің стандарттарына сәйкестендіру мақсатымен экономиканың құрылымдарын жетілдіру, сондай-ақ Қазақстанның қолда бар бәсекелік артықшылықтарын іске асыру болуы тиіс. Барынша дамыған және бәсекеге қабілетті

елдердің экономикасын талдау олардың үш негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Жоғары дамыған қаржы саласы

2. Технологиялардың ұдайы жетілдіріліп отырылуына негізделген иновациялық – бағытталған және жоғары технологиялық экономика.

3. Елде қуатты трансұлттық корпорациялардың болуы.

Ақыр аяғында, бәсекеге қабілеттілікті арттырудың ұлттық моделін жүзеге асырудың соңғы өзгеше бағыты Қазақстандық капиталдың әлемдік нарықтарға экспантеграциясын ынталандыру болып табылады. «Экспантеграция» термині ұлттық капиталдың экспансиясы негізінде жаһандық экономикаға кірігуді білдіреді, демек, отандық бизнестің, сондай-ақ мемлекеттік активтерді сатып алу, ТҰК қалыптастыру, шетелде қазақстандық капиталдың рөлі белсенді болатындай, біріккен кәсіпорындар құру және де нарықтардың барлық түрлері – тауарлық, қаржылық, технологиялық және басқалар бойынша енуі. Экспантеграция — бұл жаһандану жағдайы ыңғайында Қазақстан экономикасының дамуын жеделдетудің «дәстүрлі» әртараптандырудың артықшылықтарын ұштастырған және шикізат бағасының жоғары болуымен беріліп отырған қолайлы мүмкіндіктерге арқа сүйеген неғұрлым тиімді жолы.

1. National competitiveness balance sheet. <http://www.gcr.weforum.org>

2. World Investment Report 2009: Transnational Corporations, Extractive Industries and Development. P.220.

3. Демесинов Т. Бәсекелік қатынастарды реттеудің теориясының дамуы// «Ізденіс - Поиск» ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журнал № 4, 2009г., 10-13 бб.

4. Сабден О. «Конкурентоспособность национальной экономики: критерий оценки и пути повышения», Мин-во образования и науки РК, Ин-т экономики; г. Алматы, Экономика, 2007г. – с.96.

5. Илиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С.Қ. «Қаржы». Оқулық, 2-басылым. – Алматы, 2005ж.

В статье рассматриваются финансовые аспекты как один из важнейших элементов повышения конкурентоспособности Казахстана, проблемы и их решения. Проводится анализ финансовых показателей экономики РК.

In article it is considered financial aspects as one of the major elements of increase of competitiveness of Kazakhstan, a problem and their decision. The analysis of financial indicators of economy RK is carried out.

Б.Б. Султанова

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

За последние годы в области бухгалтерского учета и отчетности в Республике Казахстан произошли значительные изменения.

Изменения в системе бухгалтерского учета и отчетности были направлены на обеспечение формирования информации о финансовом положении и финансовых результатах деятельности хозяйствующих субъектов, полезной заинтересованным пользователям. В качестве основного инструмента реформирования бухгалтерского учета и отчетности были приняты международные стандарты финансовой отчетности. Хозяйствующие субъекты используют в бухгалтерском учете и отчетности способы оценки активов и обязательств, ориентированные на условия рыночной экономики. Крупнейшие хозяйствующие субъекты готовят консолидированную финансовую отчетность по международным стандартам